# "International Herald Tribune" 4-ші халықаралық инвестициялық саммитіне дайындық және оны өткізу мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 14 мамырдағы № 68-ө Өкімі

Алматы қаласында 2010 жылғы 3-4 маусым кезеңінде «International Herald Tribune» 4-ші халықаралық инвестициялық саммитін тиімді ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «International Herald Tribune» 4-ші халықаралық инвестициялық саммитіне дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) «International Herald Tribune» 4-ші халықаралық инвестициялық саммитіне дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар (келісім бойынша) Іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2010 жылғы 14 мамырдағы
№ 68-ө өкімімен
бекітілген

## «International Herald Tribune» 4-ші халықаралық инвестициялық саммитіне дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

| | |
|---|---|
| Исекешев Әсет Өрентайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі, төраға |

| | |
|---|---|
| Камалиев Берік Сайлауұлы | - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі, төрағаның орынбасары |
| Жақсылықов Тимур Мекешұлы | - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы, хатшы |
| Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі (келісім бойынша) |
| Баймағанбетов Серік Нұртайұлы | - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі |
| Досмұхамбетов Темірхан Мыңайдарұлы | - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі |
| Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы | - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі |
| Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі |
| Құсайынов Әбілғазы Қалиақпарұлы | - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі |
| Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы | - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі |
| Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы | - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі |
| Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлы | - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары |
| Есімов Ахметжан Смағұлұлы | - Алматы қаласының әкімі |
| Айдарбеков Серік Кенғанұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Индустриялық-инновациялық даму бөлімінің меңгерушісі |
| Келімбетов Қайрат Нематұлы | - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-әуқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша) |
| Қожасбай Ерлан Сәдуақасұлы | - Қазақстанның Сауда-өнеркәсіп палатасының президенті (келісім бойынша) |
| Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы | - «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша) |
| Перуашев Азат Тұрлыбекұлы | - «Атамекен одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы» заңды тұлғалар |

бірлестігінің басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 14 мамырдағы № 68-ө өкімімен бекітілген

## «International Herald Tribune» 4-ші халықаралық инвестициялық саммитіне дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шара | Орындау мерзімі | Жауапты орындаушы | Қаржыландыру көздері | Болжалды шығыстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Кездесуді ұйымдастыру және шетел VIP-қонақтарын Алматы қаласы әуежайының VIP-залы арқылы өткізу (тегін) | 2010 жылғы мамыр - маусым | Алматы қаласының әкімдігі, «Алматы қаласының халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы (келісім бойынша) | - | - |
| 2. | Саммитті өткізу үшін қажетті жабдықтарды, ақпараттық материалдарды жедел кедендік рәсімдеуді қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі | - | - |
| 3. | Саммиттің делегация мүшелеріне шекаралық және кедендік бақылауды қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті | | |
| 4. | Шетелдік делегаттарға визалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі | - | - |
| 5. | Делегаттарды уақытша тіркеуді қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі | - | - |
| 6. | Саммит іс-шараларын өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету және маршрут бойынша ілесіп жүру | 2010 жылғы мамыр - маусым | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі | - | - |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7. | Алматы қаласының әуежайынан Саммит өтетін орынға дейін тақырыптық сыртқы безендіруді қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Алматы қаласының әкімдігі | - | - |
| 8. | Бұқаралық ақпарат құралдарында ( Алматы қаласында сыртқы жарнама, теледидарда жарнамалық роликтердің орнын ауыстыру, бұқаралық ақпарат құралдар басылымдарында Саммиттің аңдатпасын орналастыру) ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі | - | - |
| 9. | Іс-шараларды өткізу орындарын абаттандыру және санитарлық тазалауды қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Алматы қаласының әкімдігі | - | - |
| 10. | Саммит іс-шараларын өткізу орындарында жедел жәрдем көлігінің кезекшілігін қамтамасыз ету | 2010 жылғы мамыр - маусым | Алматы қаласының әкімдігі | - | - |
| 11. | Алматы қаласында Саммитті өткізу кезінде жоғарғы оқу орындары студенттерінің қатарынан ауызша/жазбаша аудармасында ағылшын тілін білетін 40 еріктілердің қатысуын қамтамасыз ету | 2010 жылғы 3-4 маусым | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі | - | - |
| 12. | Мемлекет басшысының қатысуымен Алматы қаласы әкімінің атынан Саммит делегаттары мен қонақтарына (450 адам) салтанатты қабылдауды ұйымдастыру ( концерттік бағдарлама, фуршет/банкет) | 2010 жылғы 3 маусымда сағат 19.00-де | Алматы қаласының әкімдігі | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК